


Сауытбай Р.С.

# ШОКО ӘЛЕМ

*Шымыл  
Әмелханар*

ФӘНТЕЗИ



**АСТАНА КИТАП**

Алматы, 2023

ӘОЖ 793

КБЖ85.36 (5Қаз)

С21

**Сауытбай Р.**

С21 **Шоко әлем. Тылсым Эллипсаһар.** / Рустем Сауытбай. – Алматы, 2023. – 336 бет.

**ISBN 978-601-06-6848-5**

Сен сиқыр мектебінде оқыр ма едің? Иә? Жоқ? Үйіңе кілембуспен қоян ұшып келгенін елестете аласың ба? Шынында да ондай мектеп бар ма деп ойланып қаларсың. Әлде бұған сенбейсің бе? Ал қарапайым жанұядан шыққан Әлия мен Райл ғажап оқиғаларды бастан кешті. Олардың керемет қабілеттері бар екенін өздері де білмеген. Бір күні екеуі әжесі айтып берген үңгір арқылы Шоко әлемге түседі. Сол жерде олар ғажап нәрселер жасауды үйрететін «Эллипсаһар» мектебіне шақырылады. Бірақ бәрі сен ойлағандай оңай емес. Өйткені қара ниеттілер қара сиқыр үйреніп, өз жоспарын құрып жатыр. Олар қоян Коки жер бетінен әкелген тастан хабардар және ол жай тас болмай шығады...




ӘОЖ 793

КБЖ 85.36 (5Қаз)

ISBN 978-601-06-6848-5

©Сауытбай Р.С., 2020

©Сауытбай Р.С., 2023



Элия шоколадты балмұздақ жеп теледидар көріп отыр. Жергілікті телеарнадан: «Бүгін таңғы тоғызға таман Амантоғай ауданында ұшатын табақшалар байқалыпты. Табақшалар Қаражар жотасын бірнеше рет айналып, көзден ғайып болған. Бір ғажабы, ұшатын табақшалар қоңыр түсті екен...» деген кезде, ішке Райл кіріп келді. Элия бірден бауырына бұрылып:

– Райл! Райл! Жаңалықтан не айтып жатқанын қарасаңшы. Біздің Амантоғай жақта ұшатын қоңыр табақшалар көрініпті! – деп күңк етті.

– А-а, шын ба?! Нуа ұстаздың табақшалары шығар. Байқаусызда ұшып кеткен ғой, – деді Райл қатты таңғалмастан.

– Әлде бірдеңе болды ма екен? Ешқашан бұлай болмаған еді ғой.

– Кейде солай болады. Нуа ұстаз кей кезде табақшалар жайлы ұмытып кетеді екен. Сол кезде шоколад табақшалары басқа жаққа ұшып кеткен болар.

Элия сәл ойланып:

– Біреулер бұл табақшаларды тауып алса ше?! Онда не болмақ? – деді.

– Оны уайымдамай-ақ қой, ол табақшалар біздің жақта еріп кетеді. Арц солай деген.

– Ғалымдардың сол табақшаларды не үшін таба алмайтынын енді түсіндім, – деді сары қыз күмілжіп.

– Ха-ха-ха, – деп бауыры күліп жіберді.

Әпкесі де оған қосылып:


– Хе-хе-хе, – деп күлген кезде маржандай тістері көрініп қалды.

Осылайша Арқалық қаласындағы бұл ғажап екі қабатты үй тағы да сыңғырлаған күлкіге толды. Бұл үй қызыл кірпіштен салынған, шатыры шоколад түстес. Үйдің әр қуысына дейін бұл екі баланың ойын алаңына айналған. Сондай-ақ, бұл қуыстарда қиялдап отыру да өте ыңғайлы. Иә, бұл жерлер қиялдарының қанаттанып ұшуына трамплин қызметін атқаратын.

Амантоғайдан келгеніне бір ай ғана болды. Дегенмен олар үшін бір жыл өткендей еді. Райл достарын, тәрбиешісін және мұғалімдерін сағынып қалды. Әсіресе, тәрбиешісінің әңгімелерін қатты сағынды. Сол мектептегі шайдың дәмі өзгеше.

Жаздың ортасы болғанымен, ертеңгі пәндік олимпиадаға дайындық болғалы жатыр. Күннің ыстығына қарамастан дайындық өте берді. Күн тіпті төртбұрышты болып кетсе де, бұл дайындықты тоқтата алмайтын еді.

Элия сол кеш қоңыр сөмкесіне заттарын жинауға кірісті. Жатақханада бір аптадай қалуға дайындалып жатыр. Ол да Аружан әпкесін сағынып қалған. Биология пәні бойынша дайындық қызық өтейін деп тұр. Жиналып қалған әңгімелері көп. Бәрінен бұрын, қыз бала үшін сол әңгімелерін ішінде ұстап жүру – қиындықтың көкесі.



Ертеңіне Райл сабақтан шығып, кішкене серуендейін деп темір-терсек үйіндісіне қарай бет алды. Бұл жерді аралау – оның ең сүйікті ісі. Ол жерден неше түрлі темір-терсек жинап алатын. Кейде анасы үйде жатқан осы саймандарды байқаусызда лақтырып жіберетін. Баласының робот жасап жатқанын қайдан білсін? Жинап әкелетіні – алуан түрлі сымдар, мотордың бөлшектері, сынып қалған радио бөлшектері. Тіпті бір рет кір жуғыш машинаның өзін де алып келген болатын. Үйдегі қораның жартысы сол қоқыс үйіндісінен әкелген темір-терсектерге толып, шеберхана болып кеткен. Бірақ пайдасы жоқ емес. Өткенде ғана әкесіне диірмен құрастырып берді. Әкесі қатты риза болды. Сол себептен қораның жартысын баласына бере салған болуы керек. Жақында бұл жерді толығымен баласы алып қоймаса болды...

Бұл шеберхана Райлдың жәннат бұрышы десе де болады. Ол бұл жерге кіргенде бәрін ұмытып, ерекше ләззат алады. Саймандардың арасына кіріп кетіп, май-

май болып кешке бір-ақ шығатын. Тіпті анасы тамаққа шақырса да, темірлер арасынан шығуға мұршасы болмады. Қорадан салдыр-гүлдір еткен дауыстар шығып жатады. Кейде тым-тырыс боп қалады, сол кезде ол электроника немесе бағдарлама жасаумен айналысып жататын. Соңғы кездері оған сыныптасы Макс қосылып жүр. Максның ұлты орыс болса да, қазақша жақсы сөйлейтін. Бір таңқаларлығы – екеуі қазақша сөйлесетін.

Бүгін күн барынша сәулесін шашып ауаны ысытып жіберді. Жолда тіпті, әдетте, ойнап жүретін балақайлар да көрінбейді. Көлеңкеде тығылып отырған болуы керек. Жол бойында жарты ғасыр бұрын салынған үйлер тұр. Бірақ гүлмен көмкерілген балкондары көшенің ажарын ашып тұр.

Райл терең ойға батып келе жатқанда қаладан қалай ұзап кеткенін байқамай да қалды. Ол бұл жолды жатқа білетін. Бірақ қалай болғаны белгісіз, ол ескі зауыттың жолына түсіп кетіпті. «Бұл жерге бұрын-соңды келмеп едім. Аралап көрейінші» деп жас бала ары қарай жүре берді.

Бұл КСРО кезінде салынған кірпіш зауыты еді. Зауыттың қабырғасында кірпіштермен жазылған «КЕҢЕС ОДАҒЫ-1950» деген жазу әлі тұр. Жазудағы кірпіштердің түсі қып-қызыл қанмен боялғандай мен мұндалап тұр. Кезінде біреулердің қанын әбден сорып осы жазуды жазған секілді. Жазудың түсі әлі өңбеген. Зауыттың арғы жағында қоқыс үйіндісі көрінеді. Райл